

<sup>1</sup>Смағұл Х.Ж., \* <sup>1</sup>Атемова Г.Т., <sup>2</sup>Садовская В.С.

<sup>1</sup>магистр оқытушы, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup>магистр аға оқытушы, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>педагогика.ғ.д., профессор, Мәскеу ММИ. Москва, Ресей

## ДОМБЫРАДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚҚА ЖЕКЕ ҮЙРЕТУ ТҰЛҒАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Автор - корреспондент: khamza.smagul@bk.ru

**Түйін:** Мақалада домбыраны жеке үйрену процесінің дамытушы, тәрбиелеуші мүмкіндіктеріне ықпал етуші факторларға сипаттама берілген. Олар: Адамның жалпы және арнайы қабілеттерінің өзара байланысы, музыкалық орындаушылықтағы интеллектуалдық және эмоционалдық үдерістердің өзара қатынасы, эмоционалды тұстың іске қосылуы, эмпатия қабілетінің қалыптасуы, қол қимылдарының дамуы мен мидың өзара байланысы, тұлғаның еңбекке шыдамдылық, ерік-жігерлік сапаларын қалыптастырудың ерекше жағдайы. Интеллектуалдық жұмыста заманауи еңбек нарығы талап ететін адам қалыптастыру процесінде психиканың эмоционалды-экспрессивті, бейсаналы механизмдері ескеріле отырып тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытуға басымдық берілуінің маңызы туралы жазылған. Сондықтан мақаланың маңызды идеясы домбырада орындау үдерісіндегі музыкалық дамуды ғана емес тұлғаның дивергентті ойлау қабілетін жетілдірудегі домбыраның маңызын да білдіреді. Сонымен қатар бұқаралық мәдениеттегі «музыкалық білімділік заманауи озық адамға қажетті жетістік атрибутына кірмейді» - деген бұрыс позицияны реттеуді педагогикалық қауымдастыққа (музыкалық педагог, оқытушыларға) міндет ретінде алу ұсынысы жасалған.

**Кілттік сөздер:** адамның жалпы және өзара қабілеттерінің байланысы, интеллектуалды, эмоционалды үдеріс, қол қимылдарының дамуы мен мидың өзара байланысы.

**Кіріспе.** Музыкалық тәрбие мен аспапта орындауға үйретудің негізгі мақсатын дұрыс түсіну музыкант-педагог үшін қандай маңызды болса домбырашы-оқытушы үшін де сондай дәрежеде өзекті. Себебі музыкалық тәрбие бала тұлғасының дамуына, барлық интеллектуалдық, шығармашылық-көркемдік мүмкіндіктерінің ашылуына ықпалын тигізеді.

Негізгі мақсаты жан-жақты дамыған әлеуметтік бейімделген тұлғаны тәрбиелеу ғана емес сонымен қатар адамның (жеке ерекшеліктерін, рухани құрылымын ескере отырып) қабілеттері мен потенциалдық мүмкіндіктерін дамыту болып саналатын білім берудің гуманизациясы тенденциясы соңғы кездері педагогикада айқын байқалуда.

Мөлшері өте көп, алуан түрлі, сапалы, қол жетімді ақпарат кеңістігінен тұратын компьютерленген заманауи әлемде, заманауи қоғамда адамның әлеуметтік, кәсіби маңыздылығы эрудициямен, кәсіби білімі мен дағдыларымен ғана емес өз бетінше білім алу мен өзін-өзі дамыту қабілеттері, үлкен көлемдегі жаңа ақпаратты меңгере алу (ішкі сүзгіден өткізу) және оны басқара, қолдана алу, қалыптан тыс жағдайларды сәтті шеше алу сияқты тұлғаның жалпы шығармашылық мүмкіндіктерімен, сонымен қатар коммуникативті қабілеттер мен эмоционалды мәдениеттің (сәтті ұжымдық еңбекті қамтамасыз ететін барынша үлкен сұранысқа ие болып жатқан сапалар) белгілі бір деңгейімен өлшенеді.

**Теориялық талдау.** Азаматтарға білім мен тәрбие беру ісінде адамның жеке тұлғасы ескеріле отырып қоғам сұранысын алдын-ала біліп, озып отыруымыз қажет.

Білім беру процесінде үйренушінің білім алып қана немесе жұмыс жасау тәсіліне баулып қана қоймай кез-келген стандарттан тыс өмірлік жағдайлардан алып шығуға көмегі тиер адамдық сапалар қалыптастыруға да жағдай жасау керек. Сонда ғана білім алушы өз бетінше жаңа білім алып қызметін жетілдіруге үйренеді.

Жаңа адам қалыптастыру процесінде психиканың эмоционалды-экспрессивті, бейсаналы механизмдері ескеріле отырып тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытуға басымдық берілуі өте маңызды. И.М.Ильинскийдің айтуы бойынша білімді адам

- шығармашылықпен айналыса алады... білім берудің заманауи мағынасы – құбылмалы (өзгергіш), белгісіз жағдайларға бейімделуде ой, ұят, ақыл мен эмоция дегендердің бірігуі жүзеге асатын құндылыққа, яғни шығармашылыққа үйрету [1]. Бұл міндет өскелең ұрпаққа тәрбие мен сапалы білім беру ісінде тиімді әрекет етуді, оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен формасын жаңартуды талап етеді. Музыкамен айналысу, оның ішінде музыкалық қызметтің ең белсенді түрі өз-өзін музыкалық аспапта сүйемелдеу мұндай бағыттардың бірі бола алады.

Әрине, жоғарыда аталған амал түрін, белсенді музыкалық қызметті жаңа қадам деп белгілі бір мөлшерде ғана айта аламыз. Себебі адамзат дамуының тарихында музыка тұлғаны үйлесімді тәрбиелеудің міндетті атрибуты ретінде қолданылғаны жайлы деректер көп кездеседі. Музыкамен айналысудың үлкен маңызға ие болуы өркениеттің рухани, мәдени даму дәуірін (гүлдену), жалпы гуманистік идеялар мен құндылықтар салтанат құрған кезеңді білдіретіндігін ескерген жөн. Көне Грецияда музыка «жан гимнастикасы», «тән гимнастикасы», «ақыл гимнастикасы» деген тәрбие процесінің бірыңғай үштігінің ажырамас бөлігі ретінде қатар қолданылған. Европалық Қайта өрлеу дәуірінде ішекті, үрмелі аспаптарда орындау кеңінен таралып, ұжымдық музыкалық орындау дәстүрлі қарым-қатынастың формаларының бірі болған. Университеттерде өзге де ғылым түрлерімен бірге музыка сабағы да жүргізілген.

18-ғасырдың соңына таман, клавирде орындау өнерінің даму дәуірінде фортепианада музыка орындау басты маңызға ие болып жеке тұлғаның шығармашылықпен өзіндік маңызын білдірудің (творческое самовыражение личности) бірегей мүмкіндігіне айналды. Фортепиано үйрену (қыздарға міндетті) мәдениетті адамды тәрбиелеудің маңызды элементі санала бастайды. Ал дәстүрлі қазақ қоғамында музыкалық білім беру, эстетикалық тәрбие бала тәрбиесінің құрамдас бөлігі болғаны, үлкендер тарапынан, әсіресе әкенің бақылауымен қадағаланып, баланың ұстазға тапсырылып, тәрбиеленуі, (жас кезеңімен тікелей байланысты өмірлік процесс), күйшілік өнерді меңгеруі, батасын алып күй тартыс, аламан айтыстарға түсіп бар өнерін, шеберлігін сынауы, елге танылуы, жасы ұлғая келе ол өнерпаздың қазақ музыка мәдениетінде қазірге дейін құндылығы жоғалмаған туындылар, күйлер қалғандырған күйші-композитор ретінде қалуы жайлы қызықты дерек Т.Әсемқұловтың мақаласында (қазіргі музыкалық педагогика мен дәстүрлі музыкалық педагогиканы салыстырып, маңызды ұсыныстар айтқан) кездеседі [2].

Ғасырлар бойы Рухани дамудың құралы ретінде қолданылған музыка ғылыми зерттеліп «тұлға тәрбиесіндегі музыкамен шұғылданудың ерекше рөлі» тезисі эмпирикалық тұрғыда расталып қана қоймай теоретикалық ойлау деңгейінде педагог-музыканттардың еңбектерінде де кездесе бастады.

Домбыра үйрету әдісі жеке пән ретінде 1980 жылы Құрманғазы атындағы Консерваторияның Халық аспаптар факультеті жеке бөлініп шығуына байланысты қолға алынып, жұмыс бағдарламасы қабылданса, 2000 және 2003-жылы типтік бағдарлама баспадан жарық көрген [3,8-9 бб.]. Домбырада орындаушылыққа арналған ғылыми-әдістемелік еңбектер қалдырған авторлар: Жұбанов А., Алексеев А., Жайымов А., Ысқақов Б., Бүркітов С., Тастанов Х., Әубәкіров М., Мухамбетова А., Мерғалиев Т., Үсенов Е., Бекенов У., Ахмедияров Қ., Ақатаев С., Ержанов М., Спанов Ө., Райымбергенов А., Сахарбаева К. және т.б.

Домбырада орындаушыға арналған әдістемелік мақсатта жазылған еңбектерде адамның музыкалық қабілеттері, аспапта орындаушылық барысындағы интеллектуалдық, эмоционалдық дамуы сияқты түсініктер көп кездеспейді. Домбыра аспабын жеке үйретудің жалпы дамытушылық мүмкіндіктерінің тұлғаның шығармашылық бөлігін іске қосудың құралы ретіндегі жалпыға қол жетімді музыкалық білім беру жүйесіндегі қолданылуы мәселесі жеткілікті зерттелмеген.

Жан-жақты әрі терең сараптама жасауға басымдық бермей, домбыраны жеке үйрену процесінің дамытушы, тәрбиелеуші мүмкіндіктеріне ықпал етуші кейбір факторларды төменде сипаттаймыз.

**Тәжірибелік бөлім.** Адамның жалпы және арнайы қабілеттерінің өзара байланысы. Қабілеттер мәселесіне арналған психологиялық зерттеулерде (Б.Г.Ананьев, Т.И.Артемова, А.Г.Ковалев, А.Н.Льентев, В.Н.Мясищев, Б.М.Теплов, Д.К.Кирнарскаялар) жалпы және арнайы қабілеттердің өзара байланысы, олардың іске асу механизмі туралы қағидалық ережесі жасалған. Бұлар тұлға құрылымының бірыңғай жүйесін құрайды. Жалпы қабілеттердің дамуы арнайы қабілеттердің дамуына алғышарт болса, арнайы қабілеттердің жетілуі тұлғаның интеллектуалды қуатының артуына ықпалын тигізеді [4].

Музыкалық қабілеттердің жалпы қабілеттермен өзара байланысы ережесі заманауи зерттеулерде расталуда. Бір қатар зерттеуші-психологтар жүргізген интеркорреляциялық зерттеулер педагогикалық қауымдастықта ертеректе қалыптасқан пікірді, яғни музыкалық қабілеттер мен тіл үйренуге ептілік, математикалық қабілеттердің өзара байланысын анықтады.

Музыкалық дарыны байқалған эксперимент қатысушылары өзге адамдарға қарағанда тест тапсырмаларын дұрыс орындап білім алу, оқу үлгерімі тұрғысынан жоғары деңгей көрсеткен. Бұл тұста талант, дарындылық мәселелерін зерттеу бойынша белгілі маман Стейнбектің қорытындысы қызықты. Музыканттар, оның ішінде пианистер тест тапсырмаларынан үздік нәтиже көрсетіп математикадан байқауды жеңіп алған [5].

Музыкалық, тілдік қабілеттер дамуының өзара байланысын өнертанушылардың байқағанымен, яғни музыка мен сөздің, «музыкалы», «вербалды» тілдің жақындығымен түсіндіруге болады. Бұлар білім алушыларда қабылдау қабілеті мен ойлау ерекшеліктерінің дамуына ықпал етеді.

Сонымен домбыра орындауды жеке үйрету музыкалық қабілеттер дамуының күшті стимуляторы ғана емес сонымен қатар талаптанушылар бойында басқа да тұлғалық сапаларды, тұстарды қалыптастырудың үлкен мүмкіндіктерін де қамтиды.

2. Музыкалық орындаушылықтағы интеллектуалдық және эмоционалдық үдерістердің өзара қатынасы

Адамның жалпы дамуында музыкалық қызметте интеллектуалды іс-әрекеттердің эмоционалды процестермен өрбіп жату фактісі үлкен маңызға ие. Ал эмоционалды компонент шығармашылық ойлаудың құраушысына жатады және танымдық қызметтің ынталандырушы құрылымына кіреді. Бұл кезде ойлау қызметіне психикалық белсенділіктің танымдық элементтері іске қосылады. Музыкалық сабақтарда шығармашылық ойлаудың элементтері және логикалық байқауға мүмкін бола бермейтін механизмдері (нәзік) жаттығып 2 еседей көп жұмыс жасайды деп айтуға болады. Бұл психологтар зерттеулері анықтағандай музыканттарда ми бөліктерінің нашар ассиметриясымен, яғни образды-эмоционалды қызметке жауап беретін «оң жақ ми бөлігі» мен ойлау, есептеу сияқты амалдарды орындатқызатын «сол жақ ми бөлігінің» психикалық қызметте бір-біріне жәрдемдесіп, екі жарты шардың да әр түрлі функцияларды орындауда бірдей белсенді жұмыс жасауымен байланысты. Бұдан шығатын қорытынды ойлаудың логикалық, образды, эмоционалды элементтері тығыз байланысатындықтан музыканттарға музыканы аналитикалық қабылдау тән [6].

3. Эмоционалды тұстың іске қосылуы, эмпатия қабілетінің қалыптасуы

Музыка табиғатынан өнердің эмоцияға бай түрлерінің бірі болғандықтан музыкамен айналысу тұлғаның эмоционалды, коммуникативті құраушыларын қалыптастырып, дамытуға белсенді ықпал етеді.

Адамның сезімдері мен эмоцияларына жеткізу мүмкіндігі үлкен өнер саналатын музыканың тыңдаушының эмоциялық жағдайына әсер етуі музыкалық ритмоинтонациямен (сөз интонациясы, мимика, жестикуляция сияқты экспрессия түрлерімен ортақ байланысы бар) түсіндіріледі. Музыкалық сабақтарда қандай да бір музыкалық шығарманы орындап үйрену - автор айтқысы келген ойды, эстетикалық эмоцияны тану, түсіну музыкалық тілдің құралдарымен жеткізе білуді білдіреді. Сондықтан эмпатия қабілетінің қалыптасуына, дамуына ықпал етеді.

4. Қол қимылдарының дамуы мен мидың өзара байланысы. Музыкалық

орындаушылық сабақтарының жалпы дамытушылық әсерін қол қимылдарының дамуы мен мидың өзара байланысымен түсіндіруге болады.

Адам дамуының филогенезі болсын онтогенезі болсын қол қимылдарының дамуы, еңбекке, орындаушылыққа бейімделуі ойлау процесінің қалыптасуы мен дамуының стимуляторы болып саналады. В.А.Сухомлинскийдің жазғаны бойынша «Абстрактілі ойлау мен қолдың епшіл қимылдары процестерінің бірігуі нәтижесінде (оянатын) іске қосылатын ерекше ми бөліктері болады. Егер мұндай байланыс болмаса бұл ми бөліктері тұйыққа (тығырыққа) айналады» [7].

«Қимыл-қозғалыспен байланысты кез-келген тренингте, гимнастикалық жаттығу болсын мейлі домбырада орындау болсын қолдар емес ми жаттығады» - деп санайды Е.Балабеков. Мұны әрбір педагог қаперінде мықтап ұстауы керек.

Сол қол саусақтарының епшілдігі, дәлдігі мен оң қолдың алуан түрлі қимылдарын талап ететін қызмет түрлерінің біріне домбырада орындау жатады. Бұл күрделі, көп деңгейлі қимылдар жүйесін меңгеру интеллектуалды, ерік-жігерлі күш салуды, зейін мен оперативті есте сақтаудың концентрациясын талап етеді. Бұл дегеніміз баланың психофизиологиялық мүмкіндіктері кеңейіп, өзін-өзі бақылау мен басқаруға жауап беретін ми бөліктері шынығады деген сөз.

Музыканттардың (көбінесе пианистер) басқа мамандарға қарағанда түрлі тест тапсырмаларын, дәлдікті талап ететін қимылдар координациясын жеңіл орындайтыны дәлелденгенімен домбырашы-музыканттарға бұл зерттеулер жүргізілмеген.

5. Тұлғаның еңбекке шыдамдылық, ерік-жігерлік сапаларын қалыптастырудың ерекше жағдайы

Аспапта орындауды меңгеру - үлкен шыдамдылық пен тұрақты еңбектенуді талап ететін процесс. Сондықтан білім алушыда жалпы еңбек дағдысы, мақсат қоюшылық, өз бетінше әрекет ете білушілік, шешім қалдай алу, ұстамдылық пен тәртіптілік сияқты ерік-жігерлік сапалар қалыптастыруға ерекше жағдайлар туындайды. Музыкамен айналысатын балалар (кәсіби білім) өзге қатарластарына қарағанда шектеулі уақытта көбірек тапсырмалар орындауға мүмкіндік беретін жинақылық, тиянақтылық сияқты сапалар көрсеткен.

Музыкалық аспап үйрену сабағы (педагог сабағынан кейін) белгілі бір уақыт көлемінде күнделікті дайындалуды, өз бетінше еңбектенуді, бар күш жігерін салуды талап етеді. Талаптанушы сабақта педагогпен бірге талдаған музыкалық шығарманы үйдегі сабақта, жалғыз өзі үйрену барысында туындаған қиындықтарды (ноталық, техникалық т.б.) оқытушының көмегісіз еңсеріп отырса алған беттен қайтпау, шыдамдылық сияқты сапалар ғана емес сонымен бірге өз бетінше ойлану, өнертапқыштық, ойлау ептілігі сияқты құнды сапаларды да тұрақты түрде дамыта алады.

**Қорытынды.** Музыкалық аспап үйрену жалпы дамытушылық потенциалға ие болғандықтан балалар мен жасөспірімдерге білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде ойып тұрып орын алуы қажет. Осы бағыттағы шынайы жолдардың бірі - «оқытудың жұмсартылған формасын», яғни үй жағдайында музыкалық тәрбие беру дәстүрін жаңғырту.

Соңғы жылдары өкінішке орай музыкалық білім беру мен тәрбие престиж болудан түсіп келеді. Бұл тұрмыстық санадағы бала тәрбиесіне тар прагматикалық жолмен әрекет етумен байланысты. Көптеген адамдар «музыкалық білімділік заманауи озық адамға қажетті жетістік атрибутына кірмейтіндіктен қаражат жұмсау, баланың уақыты мен күш-жігерін шығындауы мағынасыз» - деп санайтын сияқты. Сондықтан бұл шатасуды реттеу, жалпы музыкалық-аспаптық оқытушылыққа қызығушылықты ояту, музыкалық жеке сабақтың жалпы дамытушылық тәрбиелік потенциалын әрбір балаға қатысты барынша жетілдіруге жағдай жасау педагогикалық қауымдастықтың міндеті.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Ильинский И.М. Утопия и реальность?/ Студенчество. Диалоги о воспитании. - 2002. № 4. - с 3
2. Күй өнерінің болашағы Наурызбаева З. 20.07.2014. <http://otuken.kz/>
3. Сахарбаева К.С. Домбыра үйрету әдістері. Алматы: Издат-Маркет, 2006. 164 б. 46 б
4. Ковальев А.Г. Психология личности. Москва, 1970. С.238
5. Теория и методика обучения игре на фортепиано/ Под общ. Ред. Каузовой А.Г., Николаевой А.И. Москва, 2001. С.12
6. Кирнарская Д.К. Современные представления о музыкальных способностях// Вопросы психологии, 1988, №2. С. 133
7. Сухомлинский В.А. Рождение гражданина. Ленинград, 1971. С.143

**Аннотация:** В статье описаны факторы, влияющие на развивающий и воспитательный потенциал процесса индивидуального обучения домбре. Это: взаимосвязь общих и специальных способностей человека, взаимосвязь интеллектуальных и эмоциональных процессов в музыкальном исполнении, активация эмоционального состояния, формирование эмпатии, развитие движений рук и взаимодействия мозга, особые условия выносливости, силы воли. Интеллектуальная работа подчеркивает важность приоритета развития творческого потенциала личности с учетом эмоционально-выразительных, бессознательных механизмов психики в процессе формирования человека, требуемого современным рынком труда. Поэтому центральной идеей статьи является не только музыкальное развитие домбры в процессе исполнения, но и значение домбры в развитии дивергентного мышления. Также предлагается, чтобы педагогическое сообщество (учителя музыки, педагоги) взяли на себя ответственность за исправление неправильной позиции в массовой культуре: «Музыкальное образование не является атрибутом успеха для современных продвинутых».

**Ключевые слова:** наличие взаимосвязи между общими и специальными способностями человека, интеллектуальный и эмоциональный процесс развития движений рук и взаимодействия мозга.

**Abstract:** The article describes the factors influencing the developmental and educational potential of the process of individual training in dombra. These are: the relationship between general and special abilities of a person, the relationship of intellectual and emotional processes in musical performance, activation of an emotional state, the formation of empathy, the development of hand movements and brain interaction, special conditions of endurance, willpower. Intellectual work emphasizes the importance of the priority of the development of the creative potential of the individual, taking into account the emotionally expressive, unconscious mechanisms of the psyche in the process of forming a person required by the modern labor market. Therefore, the central idea of the article is not only the musical development of dombra in the process of performing, but also the importance of dombra in the development of divergent thinking. It is also proposed that the pedagogical community (music teachers, educators) take responsibility for correcting the wrong position in mass culture: «Music education is not an attribute of success for modern advanced people.»

**Keywords:** The presence of a relationship between general and special abilities of a person, the intellectual and emotional process, the development of hand movements and the interaction of the brain